Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру қағидаларына
21-қосымша

Банктік кепілдік

Банктің атауы _____
Банктің деректемелері _____
Кімге: _____
Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы _____
Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының деректемелері _____
Кепілді міндеттеме № _____
_____
(орналасқан жері)
Бұдан әрі «Өнім беруші» _____
(әлеуетті өнім берушінің атауы)
_____ ұйымдастырған
(мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы)
атауы _____
№ _____
Лоттың атауы _____
Лоттың № _____
сатып алу бойынша баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысатындығы және_____
_____
(баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен (лот/тар)
мемлекеттік сатып алу бойынша тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы) жеткізуді (жұмысты орындауды, қызмет көрсетуді) жүзеге асыруға дайын екендігі туралы хабардар болдық.
Осыған байланысты біз осымен (банктің атауы) _____ Сіздердің Төлемге арналған жазбаша талабыңызды, сондай-ақ баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы деп айқындалған
Өнім беруші:
мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарғаны;
мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын немесе тиісінше орындамағанын, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімі туралы талапты уақтылы орындамағаны туралы жазбаша растауды алғаннан кейін
Сізге _____ (сомасы санмен және жазумен) тең соманы төлеуге өзімізге қайтарусыз міндеттеме аламыз.
Осы кепілді міндеттеме баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап күшіне енеді
Осы кепілді міндеттеме Өнім берушінің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімнің қолданылуының соңғы мерзіміне дейін қолданылады және егер Сіздің жазбаша талабыңызды біз _____ соңына дейін алмасақ, бұл құжат бізге қайтарылатынына немесе қайтарылмайтынына қарамастан, толық және автоматты түрде күшін жояды.

Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі ұзартылған болса, онда осы кепілді міндеттеме сондай мерзімге ұзартылады.

Осы кепілді міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгерлердің қолы мен мөрі және мекенжайы.

Приложение 21
к Правилам осуществления
государственных закупок

Банковская гарантия

Наименование банка _____
Реквизиты банка _____
Кому: _____
Наименование организатора государственных закупок _____
Реквизиты организатора государственных закупок _____
Гарантийное обязательство № _____
_____
г. (местонахождение)
Мы были проинформированы, что _____
(наименование потенциального поставщика) в дальнейшем «Поставщик» принимает участие в государственных закупках способом запроса ценовых предложений по закупке:
Наименование _____
№ _____
Наименование лота _____
№ лота _____
организованном _____
(наименование организатора государственных закупок) и готов осуществить поставку (выполнить работу, оказать услугу) _____.
(наименование товаров, работ, услуг по государственным закупкам способом запроса ценовых предложений (лоту/-ам))
В связи с этим мы _____ настоящим берем (наименование банка) на себя безотзывное обязательство выплатить Вам по Вашему требованию сумму, равную
_____
(сумма в цифрах и прописью) по получении Вашего письменного требования на оплату, а также письменного подтверждения того, что Поставщик, определенный победителем государственных закупок способом запроса ценовых предложений:
уклонился от заключения договора о государственных закупках;
заключив договор о государственных закупках, не исполнил либо ненадлежащим образом исполнил, в том числе несвоевременно исполнил требования о внесении и (или) сроках внесения обеспечения исполнения договора о государственных закупках.
Данное гарантийное обязательство вступает в силу со дня вскрытия заявок на участие в государственных закупках способом запроса ценовых предложений.
Данное гарантийное обязательство действует до окончательного срока действия заявки на участие в государственных закупках способом запроса ценовых предложений Поставщика и истекает полностью и автоматически, независимо от того, будет ли нам возвращен этот документ или нет, если Ваше письменное требование не будет получено нами к концу ____.

Если срок действия заявки на участие в государственных закупах способом запроса ценовых предложений продлен, то данное гарантийное обязательство продлевается на такой же срок.

Все права и обязанности, возникающие в связи с настоящим гарантийным обязательством, регулируются законодательством Республики Казахстан.

Подпись и печать гаранта Дата и адрес

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ / ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Наименование: Услуга по информационному и имиджевому сопровождению с целью инспекционного аудита.
Количество: 1 комплексная услуга.
1. Цель и состав делегации
Организация визита двух международных экспертов Istituto Zooprofilattico Sperimentale dell'Abruzzo e del Molise «G. Caporale» (IZS Teramo, Италия) в РГП на ПХВ «Национальный референтный центр по ветеринарии», г. Астана, для экспертных встреч, оценки лабораторно-диагностических возможностей и обсуждения сотрудничества по диагностике бруцеллеза. Плановый период экспертных мероприятий — 2–3 декабря 2026 года; фактическая программа утверждается Заказчиком с учетом времени прибытия делегации.
2. Авиаперелет и ранее согласованные бронирования
Обеспечить организационное сопровождение перелета двух представителей по маршруту Рим — Астана — Рим. По предварительной информации итальянской стороны предложены рейсы Turkish Airlines: 01.12.2026 Рим (FCO) — Стамбул (IST), TK1862, 11:15–15:55; 01.12.2026 Стамбул (IST) — Астана (NQZ), TK354, 18:20–01:30 (+1 день); 04.12.2026 Астана (NQZ) — Стамбул (IST), TK355, 02:35–06:35; 04.12.2026 Стамбул (IST) — Рим (FCO), TK1861, 09:00–09:45. Указанные рейсы являются предварительными сведениями, а не обязательным требованием к конкретному перевозчику.
Итальянская сторона может самостоятельно приобрести билеты до заключения договора закупки. Поставщик обязан принять к организационному сопровождению ранее согласованные Заказчиком билеты и обеспечить документально оформленное возмещение их стоимости уполномоченному получателю при наличии законного основания, подтверждающих документов и предварительного письменного согласования с Заказчиком. Повторная покупка и повторная оплата уже приобретенных билетов не допускаются. Стоимость билетов принимается не выше фактической документально подтвержденной цены приобретения; класс обслуживания и включенные услуги подтверждаются маршрут-квитанцией/билетом и предварительно согласовываются Заказчиком. Не допускается односторонняя замена маршрута, класса или стоимости.
Предварительно сообщенная цена — 2 800 евро за человека; сумма и класс обслуживания подлежат проверке по фактическим билетам и платежным документам. Конвертация валюты, банковские комиссии и возможные расходы по возврату/обмену допускаются лишь при документальном подтверждении, согласовании и наличии предусмотренного договором основания.
3. Проживание
Размещение двух участников в отдельных номерах в гостинице категории не ниже четырех звезд, с завтраком, отоплением, санузлом и Wi-Fi. Итальянской стороной предварительно согласован ONE Hotel Astana: заезд 01.12.2026, выезд 04.12.2026, 3 ночи; ориентир — 135 евро за номер в сутки, 405 евро на человека. Поставщик обязан до оплаты подтвердить действительность бронирования, фактическое время заселения и выезда, необходимость каждой оплачиваемой ночи и возможность корректировки без штрафа. Оплата допускается только за согласованное и документально подтвержденное размещение; повторное бронирование и двойная оплата не допускаются.
4. Транспорт и питание
Организация встречи в аэропорту по фактическому времени прибытия (предварительно 02.12.2026 в 01:30), трансфера в гостиницу и обратного трансфера к вылету 04.12.2026 в 02:35, а также поездок по согласованной рабочей программе. Автомобиль должен обеспечивать безопасную перевозку двух пассажиров с багажом в зимний период.
Питание: до трех рабочих обедов (до 10 участников каждый), до трех официальных ужинов (до 10 участников каждый), до трех кофе-брейков (до 15 участников каждый) — исключительно по предварительно утвержденной Заказчиком программе, меню, количеству участников и фактическому объему. Непроведенные мероприятия оплате не подлежат. Учитываются пищевые ограничения делегации.

Атауы: Инспекциялық аудит жүргізу мақсатында ақпараттық және имидждік сүйемелдеу қызметі.
Саны: 1 кешенді қызмет.
1. Мақсаты және делегация құрамы
Екі халқаралық сарапшасы — Istituto Zooprofilattico Sperimentale dell'Abruzzo e del Molise «G. Caporale» (IZS Teramo, Италия) өкілдерінің Астана қаласындағы «Ветеринария жөніндегі ұлттық референттік орталық» ШЖҚ РМК-ға сараптамалық кездесулер өткізу, зертханалық-диагностикалық мүмкіндіктерді бағалау және бруцеллез диагностикасы бойынша ынтымақтастық мәселелерін талқылау мақсатында сапарын ұйымдастыру.Сараптамалық іс-шараларды өткізудің жоспарланған кезеңі — 2026 жылғы 2–3 желтоқсан; нақты бағдарлама делегацияның келу уақытын ескере отырып, Тапсырыс берушімен бекітіледі.
2. Әуе тасымалы және бұрын келісілген броньдар
Екі өкілдің Рим — Астана — Рим бағыты бойынша әуе сапарын ұйымдастырушылық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.Италия тарапының алдын ала берген ақпараты бойынша, Turkish Airlines әуе компаниясының мынадай рейстері ұсынылған: 01.12.2026 ж. Рим (FCO) — Ыстамбұл (IST), TK1862, 11:15–15:55; 01.12.2026 ж. Ыстамбұл (IST) — Астана (NQZ), TK354, 18:20–01:30 (+1 күн); 04.12.2026 ж. Астана (NQZ) — Ыстамбұл (IST), TK355, 02:35–06:35; 04.12.2026 ж. Ыстамбұл (IST) — Рим (FCO), TK1861, 09:00–09:45. Көрсетілген рейстер нақты бір тасымалдаушыға қойылатын міндетті талап емес, алдын ала ұсынылған ақпарат болып табылады. Италия тарапы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін әуе билеттерін өз бетінше сатып алуы мүмкін. Өнім беруші Тапсырыс беруші бұрын келісіп қойған билеттерді ұйымдастырушылық сүйемелдеуге қабылдауға және заңды негіз болған, растайтын құжаттар ұсынылған әрі Тапсырыс берушімен алдын ала жазбаша келісілген жағдайда, олардың құнын уәкілетті алушыға құжат жүзінде рәсімдеп өтеуді қамтамасыз етуге міндетті. Бұрын сатып алынған билеттерді қайта сатып алуға және олардың құнын қайталап төлеуге жол берілмейді. Билеттердің құны сатып алудың нақты құжатпен расталған бағасынан аспауға тиіс; қызмет көрсету класы мен оған енгізілген қызметтер маршруттық түбіртекпен/билетпен расталады және Тапсырыс берушімен алдын ала келісіледі. Бағытты, қызмет көрсету класын немесе құнын біржақты тәртіппен өзгертуге жол берілмейді. Алдын ала хабарланған баға — бір адамға 2 800 еуро; жалпы сомасы мен қызмет көрсету класы нақты билеттер және төлем құжаттары бойынша тексерілуге тиіс. Валютаны айырбастауға, банктік комиссияларға және билеттерді қайтару/айырбастауға байланысты ықтимал шығыстарға құжатпен расталған, келісілген және шартта көзделген негіз болған жағдайда ғана жол беріледі.
3. Орналастыру
Екі қатысушыны әрқайсысын жеке нөмірге, төрт жұлдыздан төмен емес санаттағы қонақүйге таңғы асымен, жылыту жүйесімен, санитариялық торабымен және Wi-Fi желісімен қамтамасыз ете отырып орналастыру. Италия тарапы алдын ала келіскен қонақүй — ONE Hotel Astana: Келу күні: 01.12.2026 ж.; Шығу күні: 04.12.2026 ж.; Тұру ұзақтығы: 3 түн; Бағдарлық құны: бір нөмір үшін тәулігіне 135 еуро, бір адамға 405 еуро. Өнім беруші төлем жасалғанға дейін броньның жарамдылығын, қонақүйге нақты орналасу және шығу уақытын, ақы төленетін әрбір түннің қажеттілігін және айыппұлсыз түзету мүмкіндігін растауға міндетті. Төлем тек келісілген және құжатпен расталған орналастыру үшін жүзеге асырылады; қайта бронь жасауға және қосарланған төлемге жол берілмейді.
4. Көлік және тамақтандыру
Әуежайда делегацияны нақты келу уақытына сәйкес (алдын ала 02.12.2026 ж. сағат 01:30) қарсы алуды, қонақүйге трансферді және 04.12.2026 ж. сағат 02:35-те ұшып шығуына байланысты кері трансферді, сондай-ақ келісілген жұмыс бағдарламасына сәйкес сапарларды ұйымдастыру.
Автокөлік қысқы кезеңде екі жолаушыны багажымен бірге қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз етуге тиіс. Тамақтандыру: Үш жұмыс түскі асына дейін (әрқайсысына 10 қатысушыға дейін); Үш ресми кешкі асқа дейін (әрқайсысына 10 қатысушыға дейін); Үш кофе-брейкке дейін (әрқайсысына 15 қатысушыға дейін). Аталған қызметтер тек Тапсырыс беруші алдын ала бекіткен бағдарламаға, мәзірге, қатысушылар санына және нақты көрсетілген қызмет көлеміне сәйкес ұйымдастырылады.

5. Перевод и координация

Устный последовательный перевод русский/казахский / итальянский либо английский в обе стороны на фактически проводимых мероприятиях, с корректной передачей ветеринарной и лабораторной терминологии. Объем — не более 12 часов в день, по согласованному расписанию; учет фактически отработанного времени. Поставщик назначает ответственного координатора, обеспечивает оперативную связь, сопровождение и отчетность.

6. Требования к поставщику и контролю расходов

До осуществления каждого существенного расхода Поставщик направляет Заказчику на письменное согласование детализированную смету по статьям: авиаперелет/возмещение ранее приобретенных билетов, проживание, трансферы, питание, перевод, организационно-координационные услуги, применимые налоги и иные допустимые расходы. В смете отдельно выделяются прямые расходы третьих лиц и вознаграждение Поставщика. Поставщик не вправе изменять согласованные объемы и цены без письменного согласия Заказчика.

По каждому расходу предоставляются надлежащие первичные и подтверждающие документы: маршрут-квитанции, подтверждения оплаты и посадочные талоны (при наличии), гостиничные счета и подтверждения проживания, документы перевозчиков и организаций питания, табели/отчеты переводчиков и иные документы, предусмотренные законодательством и договором. При возмещении расходов, первоначально оплаченных иностранными участниками, дополнительно предоставляются подтверждение фактической оплаты, согласованный порядок и подтверждение перечисления возмещения. Дублирование расходов, неподтвержденные суммы и услуги, не оказанные фактически, не допускаются.

Вознаграждение Поставщика за организацию и координацию указывается отдельной фиксированной суммой либо по согласованной формуле, отраженной в договоре и ценовом предложении. Заказчик не устанавливает обязательную норму прибыли, участник самостоятельно формирует конкурентную цену. При этом размер вознаграждения не может автоматически увеличиваться вследствие уменьшения прямых расходов и не должен приводить к оплате неоказанных услуг.

7. Приемка, цена и расчеты

Итоговый акт должен содержать разбивку по реально оказанным услугам и согласованному вознаграждению Поставщика; неоказанные услуги и неиспользованные объемы в акт не включаются.

Принцип оплаты по фактически подтвержденным расходам и согласованному вознаграждению применяется только при условии, что соответствующая модель цены, порядок расчета и приемки предусмотрены заключенным договором о государственных закупках и допускаются законодательством Республики Казахстан. Если типовая форма договора и способ закупки предусматривают фиксированную цену за комплексную услугу без такого механизма, до публикации закупки необходимо согласовать с подразделением государственных закупок и юридической службой правомерную конструкцию: детализацию объема/цен единиц, уменьшение суммы договора либо иные допустимые законом механизмы. Одностороннее уменьшение оплаты по фиксированному договору только на основании представленных чеков не допускается.

8. Сроки и место

Место: Республика Казахстан, г. Астана, ул. 150 лет Абая, 22/3; организация международного перелета и размещения — по согласованной программе, не более 15 календарных дней после заявки Заказчиком. Услуги оказываются в период, необходимый для подготовки и проведения визита, с учетом согласованных фактических рейсов; договор действует до 31 декабря 2026 года.

Өткізілмеген іс-шаралар үшін ақы төленбейді. Делегация мүшелерінің тағамға қатысты шектеулері ескерілуге тиіс.

5. Аударма және үйлестіру

Нақты өткізілетін іс-шаралар барысында орыс/қазақ тілдерінен итальян немесе ағылшын тіліне және керісінше ауызша жүйелі аударманы қамтамасыз ету. Ветеринариялық және зертханалық терминологияның дұрыс берілуі қамтамасыз етілуге тиіс. Аударма көлемі — келісілген кестеге сәйкес күніне 12 сағаттан аспайды. Нақты жұмыс істеген уақыт есепке алынады. Өнім беруші жауапты үйлестірушіні тағайындайды, жедел байланысты, сүйемелдеуді және есептілікті қамтамасыз етеді.

6. Өнім берушіге қойылатын талаптар және шығыстарды бақылау

Әрбір елеулі шығысты жүзеге асырғанға дейін Өнім беруші Тапсырыс берушіге төмендегі баптар бойынша егжей-тегжейлі сметаны жазбаша келісуге ұсынады: Әуе тасымалы/бұрын сатып алынған билеттердің құнын өтеу; Орналастыру; Трансферлер; Тамақтандыру; Аударма; Ұйымдастыру және үйлестіру қызметтері; Қолданылатын салықтар және өзге де рұқсат етілген шығыстар. Сметада үшінші тұлғалардың тікелей шығыстары мен Өнім берушінің сыйақысы бөлек көрсетілуге тиіс. Өнім беруші Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз келісілген көлемдер мен бағаларды өзгертуге құқылы емес. Әрбір шығыс бойынша тиісті бастапқы және растаушы құжаттар ұсынылады: Маршруттық түбіртектер; Төлемді растайтын құжаттар және отырғызу талондары (бар болған жағдайда); Қонақүй шоттары және тұру фактісін растайтын құжаттар; Тасымалдаушылар мен тамақтандыру ұйымдарының құжаттары; Аудармашылардың жұмыс уақытын есепке алу табельдері/есептері; Заңнамада және шартта көзделген өзге де құжаттар. Шетелдік қатысушылар бастапқыда төлеген шығыстар өтелген жағдайда, қосымша түрде нақты төлем жасалғанын растайтын құжат, келісілген өтеу тәртібі және өтемақы сомасының аударылғанын растайтын құжат ұсынылады. Шығыстарды қайталап көрсетуге, құжатпен расталмаған сомаларға және іс жүзінде көрсетілмеген қызметтерге ақы төлеуге жол берілмейді. Өнім берушінің ұйымдастыру және үйлестіру жөніндегі сыйақысы шартта және баға ұсынысында көрсетілген жеке белгіленген сомамен немесе келісілген формула бойынша айқындалады. Тапсырыс беруші міндетті пайда нормасын белгілемейді, қатысушы бәсекеге қабілетті бағаны дербес қалыптастырады. Бұл ретте тікелей шығыстардың азаюына байланысты сыйақы мөлшері автоматты түрде ұлғайтылмауға және көрсетілмеген қызметтерге ақы төлеуге әкеп соқпауға тиіс.

7. Қабылдау, баға және есеп айырысу

Қорытынды актіде нақты көрсетілген қызметтер мен Өнім берушінің келісілген сыйақысы бойынша жеке-жеке бөлініс көрсетілуге тиіс; көрсетілмеген қызметтер мен пайдаланылмаған көлемдер актіге енгізілмейді. Нақты құжатпен расталған шығыстар мен келісілген сыйақы бойынша төлем жасау қағидаты тиісті баға моделі, есептеу және қабылдау тәртібі жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат етілген жағдайда ғана қолданылады. Егер шарттың үлгілік нысаны мен сатып алу тәсілі осындай тетіксіз кешенді қызмет үшін тіркелген бағаны көздейтін болса, сатып алуды жариялағанға дейін мемлекеттік сатып алу бөлімшесімен және заң қызметімен заңнамаға сәйкес келетін құқықтық тетікті келісу қажет. Атап айтқанда: Қызмет көлемін/бірлік бағаларын егжей-тегжейлі көрсету; Шарт сомасын азайту; Заңнамада рұқсат етілген өзге де тетіктерді қолдану. Тіркелген баға көзделген шарт бойынша төлемді тек ұсынылған түбіртектер негізінде біржақты тәртіппен азайтуға жол берілмейді.

8. Мерзімдері мен орны

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Абайдың 150 жылдығы көшесі, 22/3. Халықаралық әуе тасымалын және орналастыруды ұйымдастыру — келісілген бағдарламаға сәйкес, Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады. Қызметтер сапарды дайындау және өткізу үшін қажетті кезеңде, келісілген нақты рейстерді ескере отырып көрсетіледі. Шарттың қолданылу мерзімі — 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Тапсырыс берушінің өңірі **Шарттың нөмірі** **шарттың күні**

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын **Тапсырыс берушінің толық атауы**, **Тапсырыс берушінің негіздемесі** негізінде әрекет ететін **Тапсырыс берушінің лауазымы Тапсырыс берушінің ТАӘ** атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын **Өнім берушінің толық атауы**, **Өнім берушінің негіздемесі** негізінде әрекет ететін **Өнім берушінің лауазымы Өнім берушінің ТАӘ** атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «**қорытындылардың күні**» жыл № **қорытындылардың нөмірі** «**Бағалы ұсыныстарға сұраным**» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) лоттар тізбесі және қызметтер көрсету шарты (1-қосымша);

3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және **Шарттың сомасы сома жазумен**) теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, **<сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС <ҚҚС сомасы> / <ҚҚС есепке алмағанда>** (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Көрсетілген Қызметтер үшін төлемді Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

2.2 Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізгеннен кейін 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлемді жүргізеді.
Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.
Көрсетілген Қызметтер үшін төлемді Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

2.3 Сандық және құндық шамадағы көрсетілетін қызмет көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) қол қойылған Шарт;

2) көрсетілген қызмет актісі (актілері);

3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

4) Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасымен, жалпы

сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы шарттың жалпы сомасының 5 (бес) пайызы мөлшерінде **5 пайызы мөлшерінде қамтамасыз ету сомасын** теңгеге тең және Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарттың мәні бойынша көзделген аванс мөлшеріне тең **аванс сомасы** теңгеге, **сондай-ақ <сома> теңгеге тең Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізуге** бұл жалпы **қамтамасыз ету сомасын** (**қамтамасыз ету сомасы жазумен**) теңгені құрайды:
әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;
не:
Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.
не:
Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.
Бұл ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелер толық және тиісінше орындалған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы шарттың жалпы сомасының 5 пайызы мөлшерінде **5 пайызы мөлшерінде қамтамасыз ету сомасын** теңгеге тең, **сондай-ақ <сома> теңгеге тең Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізуге** бұл жалпы **қамтамасыз ету сомасын** (**қамтамасыз ету сомасы жазумен**) теңгені құрайды:
әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;
не:
Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.
не:
Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.
Бұл ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін ол Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген қандай да бір құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды

жүзеге асыру қағидаларына 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтердегі елішілік құндылық туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

9) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 629 бұйрығымен бекітілген Шот-фактураны жазып беру қағидалары және оның нысанына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37241 болып тіркелген) (бұдан әрі – Шот-фактураны жазып беру қағидалары және оның нысаны) сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазып беруге міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) Қызметтерді көрсету үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) қызметтерді қабылдау кезінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 587-тармағында белгіленген мерзімдерде веб-портал арқылы көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;

4) көрсетілген қызметтер актісі бекітілгеннен кейін Шот-фактураны жазып беру қағидалары және оның нысанына сәйкес электрондық шот-фактуралардың цифрлық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;

2) Қызмет мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда, Тапсырыс беруші көрсетілген қызметті мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап **3 күн** ішінде қолданады.

4.4 Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Қызметтер көрсету

5.1 Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2 Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте көрсетілетін қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

6 Кепілдік

6.1 Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

6.2 Өнім беруші техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) Қызметтерінің қателерін, жете өңдеулері мен басқа да сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.

6.3 Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушіге жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Өнім беруші, осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, өз есебінен кемшіліктерді жою шараларын Тапсырыс беруші хабарламасында айқындалған мерзімде қолдануға тиіс

6.4 Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою шараларын уақтылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмей және Өнім беруші есебінен қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою шараларын қолдана алады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/ мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-нан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулар Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық не ішінара біреуге беруіне жол берілмейді.

7.8 Қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынады. Қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) болуы Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Қызмет көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін көрсетілетін қызметтің шекті көлемі жиынтықта көрсетілетін қызметтің отыз пайызынан аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге өткізілетін мемлекеттік сатып алу мәні болып

табылатын қызмет көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға көрсетілетін қызметтерге өткізілетін мемлекеттік сатып алу мәні болып табылатын қызмет көрсету бойынша бірлесіп орындаушылар тартуға жол берілмейді.

7.9 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Мемлекеттік сатып алу туралы заңның (бар болса) 13-бабына сәйкес өнім беруші енгізген соманы қайтармайды.

8 Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және **2026-12-31** дейін қолданылады.

8.2 Мынадай оқиғалар олардың көбеюі бөлігінде қызмет көрсету ұзақтығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соқтырады:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде қызмет көрсетудің кешіктірілуіне әкеп соқтырады;

2) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін қызмет көрсетуді тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер аталған сынақтар ақауларды анықтамаған жағдайда, қызмет көрсетуді тоқтату уақыты қызмет көрсету мерзіміне қосылады;

8.3 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.4 Шарт одан әрі оны орындау орынсыз болған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.5 Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.6 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші көрсетілетін қызметті Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындай алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.7 Шарт

